

Құрметті Фазылхан!

Жетпістің желкеніне тарттың. Жетпіс жас алдынды болжап, армандайтын да, артыңа қарап, жүрген жолыңның маңызына үңілетін де кезең ғой. Осы тұрғыдан сенің, Фазылхан, өмірдегі жолың мазмұнды, жемісі мол болды дегім келеді.

Біз өскен алыстағы ауылда сен де өстің. Қара шалдардың тізесіне отырып, күпісін жамылып, әңгімесін тыңдап өстің. Шіркін, біздің шалдар ғылымнан еш хабары болмаса да, ғалым деген атакты пайғамбардың қасиетті бір сипатындай көруші еді. Сондықтан да болар, ғалым болам деген арман сенде ерте оянды. Мектеп бітіре салып, менің өмірімнің басты таңдауы ғылыми кеңістік деп шештің де, арманыңа жету жолында үлкен табандылық көрсеттің.

Ресейдің бүкіл әлем таныған ғылыми орталығында университет бітіріп, ғылыми ізденістерге кірістің. Біздерге, торғайлықтарға ғана емес, жалпы Қазақстан ғылымы үшін сенің ғылыми ізденістеріңнің ерекшеліктері мен маңызы зор. Ерекшелігі сол – сен біздің өңірімізден алғаш шыққан теориялық физика іргелі ғылымның бірден-бір өкілісің, қатардағы өкілі емес, осы саланың жетекші ғалымысың.

Біздің Торғай топырағынан көсем де, ақын да, ғалым да баршылық. Киелі мекеніміз ғой, елдің шетінде жатып, жүдеу-жадау өміре сүре отырып, ғылым мен білімнің, әдебиет пен мәдениеттің талай саңлақтарын туған еліне сыйға тартты. Лауазымды жоғары, ашқан жаңалықтары мол, көптеген ғалымдар осы өңірден бұрын да шықты, олар қазір де баршылық. Бірақ теориялық физиканың іргелі проблемаларын, кешегі әлем данышпаны Альберт Эйнштейннің ғылыми ізденістерін жалғастырған ғалым бізде бұрын болған жоқ.

Эйнштейн дәлелдеген салыстырмалы теориясы және одан туындаған квантты механика бүкіл әлем деңгейінде ғылыми-техникалық прогресстің жаңа дәуірін ашқанын білеміз. Осы сала атом және ядро энергетикасының, ақпараттық технологияның, биотехнологияның, нанотехнологияның, космостағы зерттеулердің негізі болып отыр. Бүгінгі таңда әлем өркениетінің бет-әлпеті, деңгейі, келешегі де осы салаға байланысты болып отыр.

Міне, сен осындай маңызы ерекше ғылым саласында жұмыс істейсің. Ашқан жаңалықтарымен тек Қазақстан ғылымына ғана емес, әлем ғылымына қосқан үлесің бар. Физик-

теоретиктер өздері бір жеке жатқан элита, тек іргелі проблемаларды талқылайтын бірнеше журналдары бар. Оларда ашқан жаңалықтары бүкіл дүниежүзінде физика әлеміндегі құндылық деп есептелетін ізденістер ғана жарияланады. Міне осы журналдарда сенің де ізденістерің жарияланады, осы арқылы физик-теоретик Фазылхан Бәйімбетов есімін тек өз еліміз ғана емес, барша әлемнің осы саладағы мамандары, ғалымдары да біледі. Бүкіл ұлт болып мақтаныш етуге тұратын жағдай.

Әр адамның өзінің тұрғызған мұнарасы бар. Сенің мұнараң іргелі ғылымның өте бір жетекші саласына тұрғызған мұнара, үлкен дарын иесінің мұнарасы. Әр адамның өз өмірінде өз салған ізі бар. Сенің ізін көпшілікке, әсіресе өскелең ұрпаққа тәлім боларлықтай. Сауаты шамалы, кедей, еліміздің ең бір алыс ауылындағы отбасында туып, ғылымның өте бір маңызды саласының туын көтеріп, оған қолбасшылық еткен және осы ұзақ жолды табандылықпен жүріп өткен басқаға үлгі боларлық емес пе!

Сондықтан да, Фазылхан, бүгінгі жетіп отырған белесің жемісті болды дейміз. Осындай белестен белеске шыға бер.

Кенжеғали САҒАДИЕВ,
академик.